



**Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Малоубинка ауылынан оңтүстікке қарай электрмен жабдықтау желілерін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Быструха өзенінің (сол жағалау), Секисовка өзенінің (оң жағалау және сол жағалау), Вторая Зайчиха өзенінің (оң жағалау), Деревка өзенінің (оң және сол жағалау) және атауы жоқ бұлақтың (оң және сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 117 қаулысы.  
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 сәуірде № 6888 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның**

**ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Малоубинка ауылынан оңтүстікке қарай электрмен жабдықтау желілерін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Быструха өзенінің (сол жағалау), Секисовка өзенінің (оң жағалау және сол жағалау), Вторая Зайчиха өзенінің (оң жағалау), Деревка өзенінің (оң және сол жағалау) және атауы жоқ бұлақтың (оң және сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Малоубинка ауылынан оңтүстікке қарай электрмен жабдықтау желілерін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Быструха өзенінің (сол жағалау), Секисовка өзенінің (оң жағалау және сол жағалау), Вторая Зайчиха өзенінің (оң жағалау), Деревка

өзенінің (оң және сол жағалау) және атауы жоқ бұлақтың (оң және сол жағалау) су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Глубокое ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасы белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы әкімі*

*Д. Ахметов*

Қазақстан				"КЕЛІСІЛДІ"
Экология,	геология	және	табиғи	Республикасы
министрлігі	Су	ресурстары		ресурстар
Су	ресурстарын	пайдалануды		комитетінің
және	қорғау	жөніндегі	Ертіс	реттеу
инспекциясының	басшысының	міндетін		бассейндік
		М.		атқарушы
				Иманжанов
2020 жылғы " ____ " _____				

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2020 жылғы 8 сәуірдегі  
№ 117 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Малоубинка ауылынан оңтүстікке қарай электрмен жабдықтау желілерін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Быструха өзенінің (сол жағалау), Секисовка өзенінің (оң жағалау және сол жағалау), Вторая Зайчиха өзенінің (оң жағалау), Деревка өзенінің (оң және сол жағалау) және атауы жоқ бұлақтың (оң және сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Быструха өзені (сол жағалау) қарастыры-лып отырған тұстамада	6,8	144,39	500-696	5,9	10,21	35
Секисовка өзені (оң және сол жағалау) қарастыры-лып отырған тұстамада	15,85	850,04	500-781	21,46	90,76	35-210
Секисовка өзені (оң жағалау сол жағалау) қарастыры-лып отырған тұстамада				5,06	17,62	35
Вторая зайчиха өзені (оң жағалау) қарастыры-лып отырған тұстамада	7,4	156,45	500	6,44	11,12	35
Атауы жоқ бұлақ (оң жағалау) қарастыры-лып отырған тұстамада	12,4	548,29	500	9,82	34,06	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.